

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 56-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 601-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларда ұлттық және жалпы адами құндылықтар тұрғысынан адам өмірінің, қоғам мен табиғаттың өзара байланысы мен өзара шарттылығы туралы білім негіздерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сана-сезімінің қалыптастасуына ықпал ету;

2) қоршаған ортаны танудың ғылыми негіздерін қалыптастыру;

3) Қазақстанның тарихи және қазіргі оқиғалары туралы алғашқы білімді, азаматтық құқықтар мен міндеттер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;

4) өзінің және басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға құрмет сезімін дамыту;

5) әлеуметтік және табиғи ортадағы жалпыға бірдей қабылданған мораль нормаларын, мінез-құлық мәдениетін және қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігін ұғыну арқылы жеке тұлғаның заңды бағытын дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөздің дыбыстық және буындық құрамы туралы толыққанды тілдік түсініктерді дамыту, сөздік қорды толықтыру және белсендіру, байланыстыра сөйлеуді дағдысын, сөйлеу тілінің грамматикалық ресімделуін жетілдіру;

2) оқуға деген психологиялық алғышарттарды дамыту және жетілдіру: зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау қабілеті, өзін-өзі бақылау дағдылары мен тәсілдері;

3) толыққанды оқу іскерліктерін қалыптастыру: алдағы қызметті жоспарлау, материалды белсенді түсіну, өз қызметінің барысын бақылау, білімді жаңа жағдайларда қолдану.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқыту процесінде арнайы педагогикалық қағидалар жүзеге асырылады:

- 1) білім беруді ізгілендіру;
- 2) білім беру мазмұнының жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар баланың даму деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделуі;
- 3) оқытуды саралау және дараландыру;
- 4) айналма жолды пайдалану;
- 5) тілдік нормаларды меңгерумен бірге ғылым негіздерін меңгеру;
- 6) түзету-педагогикалық қызметтің әдістері мен тәсілдерін кешенді қолдану;
- 7) сөйлеу тілінің бұзылысының жүйелілігі мен құрылымын есепке алу;
- 8) пәндік сөйлеу материалында табиғи тілдік қарым-қатынас жағдайында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

6. Оқыту құндылыққа-бағдарланған, тұлғаға-бағдарланған, іс-әрекеттік, жеке - саралап оқыту және коммуникативтік тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

7. Құндылыққа-бағдарланған тәсіл – бұл білім алушының сөйлеу және когнитивті даму ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір құндылықтар тұрғысынан оқу қызметін ұйымдастыру және орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі.

8. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл сөйлеу дамуының кемшіліктерін жеңуге жоғары уәждемесі бар, әлеуметтік-белсенді құзыретті және өзін-өзі дамытатын тұлға, адамгершілік жағынан толыққанды, үйлесімді дамуына жағдай жасау міндетін қояды және шешуді білдіреді.

9. Іс-әрекеттік тәсіл білім алушының өзінің практикалық, кезең-кезеңімен мұғалім ұйымдастырған, қол жетімді іс-әрекет арқылы білім алуы болып табылады.

10. Жеке – сараланған тәсіл - баланың жеке ерекшеліктеріне, сөйлеу қорытындысына, оның даму қарқынына байланысты оқу, түзету-дамыту және сөйлеу жұмысының түрлері мен тәсілдерінің вариативтілігі.

11. Коммуникативтік тәсіл оқуда сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларда басқа адамдармен, ақпараттық ағымдармен өзара іс-әрекет жасау қажеттілігімен байланысты коммуникативтік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

12. Сабақты ұйымдастыру ерекшелігі:

- 1) сөйлеу бұзылысын жеңуге ықпал ететін арнайы жаттығуларды іріктеу;
- 2) әр түрлі дидактикалық және әдістемелік материалдарды кеңінен қолдану;
- 3) техникалық мультимедиялық құрылғылар және дидактикалық құралдар (ақпарат тасығыштар): «Мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламалық-әдістемелік кешені» электрондық ресурсы, дыбыстық сигналды визуаландыратын «Логопедиялық тренажер», ассистивті құрылғысы «Сөйлеу коммуникациясын меңгеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері»;
- 4) стендтерде немесе электрондық тасығыштарда баспа кестелері түрінде ұсынылған мәтіндік ақпараттың болуы;
- 5) әр түрлі сөйлеу бұзылысы бар білім алушыларға арналған сараланған тапсырмаларды моделдеу.

4-тарау. «Дүниетану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

13. «Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты ;
- 2) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

14. Бағдарлама келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Мен және қоғам» бөлімі;
- 2) «Елімнің табиғаты» бөлімі;
- 3) «Тарих толқынында» бөлімі.

15. «Мен және қоғам» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мен және менің отбасым;
- 2) мектеп және мектеп қоғамдастығы;
- 3) менің атамекенім;
- 4) денсаулық және қауіпсіздік;
- 5) құқық және міндет;
- 6) мерекелер.

16. «Елімнің табиғаты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жергілікті жерде бағдарлану;
- 2) ауа райы және климат;
- 3) табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс-әрекетіне);
- 4) туризм.

17. «Тарих толқынында» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер;
- 2) Қазақстанның тарихи тамыры;

- 3) Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар;
- 4) атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері;
- 5) Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм.

18. 0 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі бойынша: Мен және менің отбасым. Отбасы мүшелерінің мамандығы, отбасы құрамы, отбасы туралы түсінік. Отбасылық міндеттер, балаларға арналған тапсырма. “кіріс”, “шығыс” ұғымдары, отбасы бюджеті туралы алғашқы түсінік. Мектеп және мектеп қоғамдастығы. Мектептегі және сыныптағы негізгі функционалдық аймақтар. Адам өміріндегі мектептің маңызы. Мектептегі негізгі тәртіп ережелері. Менің атамекенім. Туған қала (ауыл). Туған қаланың (ауыл) негізгі көшелері (алаңдары). Денсаулық және қауіпсіздік. Негізгі режим кезеңдерін атау. Дастархан басында өзін ұстау ережесін және негізгі тамақтануды атау. Бағдарламалық сигналдар. Көшелер мен қиылыстардан өту ережесі. Үйде және сыныптағы қауіпсіздік ереже негіздері. Шұғыл қызмет телефондары. Құқық және міндет. Білім алушының міндеттері мен ережесі туралы түсіну. Мерекелер. Негізгі мемлекеттік мерекелерді ажырату;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі бойынша: Жергілікті жерде бағдарлану. Жақын кеңістікте бағдарлану. Мектеп алаңдарында бағдарлану. Жердің пішіні туралы түсінік. Ауа райы және климат. «Ауа райы» сөзінің мағынасы. Ауа райының қолайлы және қолайсыз жағдайларын бақылау. Табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс әрекетіне). Сауық қызметінің маусымдық түрлері. Қаладағы және ауылдағы маусымдық еңбек түрлері. Туризм. «Туризм» сөзінің мағынасы. Туристтік жабдықтар;

3) «Тарих толқынында» бөлімі бойынша: Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Адамзаттың даму тарихы туралы түсіну. Ежелгі адамдардың өмір салты. Қазақстанның тарихи тамыры. Кейбір тариха ескерткіштер және олардың белгілерін атау Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Мемлекеттік мерекелердің маңызды тарихи оқиғалармен байланысы. Білетін мерекелерді сипаттау. Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері. Абай Құнанбаев, Абылай Хан, Мұхтар Әуезов. Олардың Қазақстанның дамуына қосқан үлесі. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Елдің және астананың атауы. Елтаңба, әнұран, ту. Мемлекеттің территориялық тұтастығы туралы түсіну.

19. 1 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі бойынша: Мен және менің отбасым. Отбасы сөзінің мағынасы. Отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орны. Отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын. Тұтыну заттарына деген қажеттілік. Отбасылық кіріс көзі туралы қарапайым түсінік. Мектеп және мектеп қоғамдастығы. Мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау. Адам өміріндегі мектептің маңызы. Өзін мектеп білім алушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау. Менің атамекенім. Өз мекен-жайын атау және елді мекенінің

географиялық орналасқан жері. Өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін атау. Денсаулық және қауіпсіздік. Негізгі режимдік сәттер. Тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігі. Жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін негізгі ережелер. Үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспары. Үйдегі қауіпсіздік ережелері негіздері. Шұғыл көмек қызметтеріне хабарласу жағдайлары. Құқық және міндет. «Адам құқығы» ұғымы туралы түсінік. Мектеп жарғысы. Мерекелер. Негізгі мемлекеттік мерекелердің атауы;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі бойынша: Жергілікті жерде бағдарлану. Көкжиектің негізгі бағыттарын түсіну. Тұсбағдардың маңызы. Жердің моделі ретінде, глобус туралы түсінік. Ауа райы және климат. Ауа райының адамдардың өміріне және іс әрекетіне әсері. Ауа райының негізгі қолайлы және қолайсыз жағдайы. Сабакты табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктері. Табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс әрекетіне). Жыл мезгілдеріне қарай табиғаттың қолайлы және қолайсыз жағдайларын ажырату. Ауыл тұрғындарының еңбектерінің маңызы. Туризм. Туризмнің маңызы. Туристтердің негізгі мақсаттары;

3) «Тарих толқынында» бөлімі бойынша: Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Ежелгі адамдардың өмірі туралы айту. Танымал тарихи ескерткіштер/ежелгі экспонаттар. Қазақстанның тарихи тамыры. Сақтар. Сақтардың өмір салты. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Қазақстан аумағындағы көне жазулар. Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері. Томирис. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің айырмашылықтары. Елдің көп ұлтты құрамы туралы түсінік;

20. 2 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі бойынша: Мен және менің отбасым. Отбасының негізгі белгілері. Отбасы мүшелерінің келбеті. Мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы негізгі әдеп нормалары. Отбасы қажеттіліктерінің құрылымы. Отбасылық қажеттіліктеріне тұтыну заттарын өндіру көзі. Мектеп және мектеп қоғамдастығы. Мектеп қауымдастығының құрылымы және мүшелерінің қызметі. Оқу және оқудан тыс негізгі іс әрекеттер. Мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормалары. Менің атамекенім. Өзі тұратын елді мекендегі көрнекі жерлер. Қазақстан картасындағы ірі қалалар, көлдер мен өзендер. Денсаулық және қауіпсіздік. Жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығы. Салауатты және зиянды тағамдар. Жолаушылардың аялдамаларын басқаратын негізгі жол белгілері. Қалалық көлік түрлері. Күнделікті жағдаяттарда қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері. 2-3 спорт түрі. Құқық және міндет. Құқық, міндеттер мен жауапкершілік түсіну деңгейінде. Қоғамға қызмет етудің маңызы. Мерекелер. Мемлекеттік мерекелердің маңызы;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі бойынша: Жергілікті жерде бағдарлану. Көкжиектің негізгі бағыттары. Тұсбағдар бойынша көкжиектің бағыттарын анықтау. Карта, жоспар туралы алғашқы түсінік. Ауа райы және климат. Ауа райының адамның іс-әрекетіне оң және кері әсері. Ауа райының негізгі қолайлы және қолайсыз жағдайлары. Табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс әрекетіне). Табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстары. Өз тұрғылықты жерінің табиғат жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтары. Адамның шаруашылық іс-әрекетіне тұратын мекеніндегі рельефтің әсері. Туризм. Мақсаты бойынша туризмнің негізгі түрлері. Аталған мекендегі 1-2 туристік объектілердің ерекшеліктері;

3) «Тарих толқынында» бөлімі бойынша: Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Шаруа қожалықтары мен өндіріс шаруашылығының айырмашылығы. Көне қалалар мен ескерткіштер. Қазақстанның тарихи тамыры. Ғұндар. Ғұндардың өмір салты. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Ботай мәдениеті. Ботай мәдениетінің ерекшеліктері. Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері. Ғылым қайраткерлерінің есімдері. Әл-Фарабидің Қазақстанның ғылымына қосқан үлесі. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Қазақстанның ірі қалалары. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің маңызы. Қазақстан халықтары достығының маңызы.

21. 3 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі бойынша: Мен және менің отбасым. Отбасы мүшелері арасындағы туыстықтың дәрежесі. Отбасы шежіресі. Өз отбасының тарихы. Өз отбасының құндылықтары. Өзіндік және жалпы отбасылық шығындар. Өзіндік шығындарды оңтайландыру жолдары. Мектеп және мектеп қоғамдастығы. Сыныпта өзін-өзі басқарудың негізгі ережелері. Қоғамдық мінез-құлық нормалары. Нақты жағдаятта сыныпта ұжымдық шешім қабылдаудың жолдары. Менің атамекенім. Елді мекендердің типі, мөлшері, функциялары. Қала мен ауыл байланысының мысалдары. Денсаулық және қауіпсіздік. Табиғи ортада өзін ұстаудың негізгі қауіпсіздік ережесі. Тұрмыстық аспаптарды пайдалану ережесі. Қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережесі. Қалааралық көліктердің негізгі түрлері. Табиғи ортадағы қауіп-қатерлер. Спорт түрлері. Құқық және міндет. Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызды белгілері. Негізгі Конституциялық құқық және міндет. Мерекелер. 1-2 мемлекеттік мерекені сипаттау;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі бойынша: Жергілікті жерде бағдарлану. Көкжиектің аралық бағыттары. Астрономиялық белгілері бойынша көкжиектің бағытын анықтау. Жергілікті жердің жоспары, масштабы және шартты белгілері. Ауа райы және климат. Ауа райы-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелері. Негізгі климаттық белдеулер. Қоңыржай белдеудің ерекшелігі туралы түсінік. Табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс әрекетіне). Табиғи жағдайларға байланысты адамдарды қоныстандыру. Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар

туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелері. Ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызы. Туризм. Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингі. Жоспар бойынша 1-2 туристік нысандарды сипаттау;

3) «Тарих толқынында» бөлімі бойынша: Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері. Мәдени және тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығы. Қазақстанның тарихи тамыры. Түркілер. Түркілердің өмір салты. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Қазақ хандығы. Қазақ хандығының құрылу себептері. Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері. Билер, батырлар, хандардың рөлі. Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың еліміздің даму тарихындағы рөлі. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Еліміздің облыстары және олардың жетекші шаруашылық іс-әрекеті. Қазақстанның бейресми рәміздері («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы). Тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі.

22. 4 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі бойынша: Мен және менің отбасым. қоғамдық өмірдегі отбасының маңызы. 1-2 отбасы мүшелерінің рөлі. Отбасы бюджетінің «кіріс және шығыс» түсініктері. Отбасы бюджетін оңтайландыру жолдары. Мектеп және мектеп қоғамдастығы. Мектептің және сыныптың өзін-өзі басқару ұйымдары. Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттер. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдары. Менің атамекенім. Түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктер (аймақ, аудан, облыс). Өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама. Денсаулық және қауіпсіздік. Табиғи ортада өз қауіпсіздігін жоспарлау. Спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептері. Қазіргі және болашақтың көлігі. Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді азайту жолдары. Спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін алдын алу. Құқық және міндет. Қоғамдық өмірдегі конституцияның маңызы. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары мен бостандықтарынан, міндеттерінен мысалдар. Мерекелер. 1-2 кәсіби мерекелер;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі бойынша: Жергілікті жерде бағдарлану. Нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау. Глобус пен картаның маңызы. Параллельдер, меридиандар, экваторлар. Ауа райы және климат. Адамзат дамуына климаттың әсері туралы түсінік. Климаттық белдеулердің орналасуы, оның адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне әсері. Табиғат жағдайлары және олардың әсері (адамдардың өміріне және іс-әрекетіне). Өз аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекеті. Өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдылығы. Ірі табиғи нысандардың шаруашылық маңызы. Туризм. Қазақстан мен Қазақстанның астанасы бойынша туристік маршрут;

3) «Тарих толқынында» бөлімі бойынша: Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Тарихи кезеңдердегі технологиялық прогрестің ерекшеліктері. Тарихи мұражайлардың қызметі. Қазақстанның тарихи тамыры. Қазақ халқының пайда болуы. Сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Заманауи мемлекеттің белгілері. Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика). Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері. Заманауи ғылым және мәдениет, экономика саласындағы 2-3 қайраткерлердің есімдері. Еліміздегі ғылым және мәдениет, экономика саласының дамуына қайраткерлердің қосқан үлесі. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Қазақстанның әлемдік сахнадағы ролі. «Қазақстан» ұлттық бренд.

4 – тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

23. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында «1» - сынып, «2.1» - бөлімше, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.

24. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) «Мен және қоғам» бөлімі:

1- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Мен және менің отбасым	0.1.1.1 отбасы туралы түсініктің болуы; 0.1.1.2 отбасы құрамын, жақындары мен туыстарының есімдерін білу; 0.1.1.3 сөзден тұратын	1.1.1.1 отбасы сөзінің мағынасын түсіну; 1.1.1.2 отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын айту; 1.1.1.3	2.1.1.1 отбасының негізгі белгілерін ажырата білу; 2.1.1.2 тірек сөз, сөз тіркестерінің қолданып отбасы мүшелерінің келбетін сипаттау;	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіну; 3.1.1.2 мұғалімнің көмегімен өз отбасының тарихын	4.1.1.1 дерексіз ұғымдарды пайдаланып қоғамдық өмірдегі отбасының маңызын бағалау; 4.1.1.2 сөйлемде кіріспе сөздерді пайдалан

	жайылма сөйлемді пайдаланып, отбасындағы тапсырманы атау; 0.1.1.4 нақты сөздікті қолданып отбасы мүшелерінің мамандықтарын атау; 0.1.1.5 түсіну деңгейінде «кіріс және шығыс» ұғымдарын ажырату	отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіну және іс-әрекет білдіретін сөздерді қолданып мысал келтіру; 1.1.1.4 өзінің тұтыну заттарына деген қажеттіліктерін анықтау; 1.1.1.5 отбасылық кіріс көзі туралы қарапайым түсініктердің болуы	2.1.1.3 өз отбасы мүшелеріне мысалдар келтіре отырып, негізгі әдеп нормаларын түсіну; 2.1.1.4 отбасылық тұтыну заттарына деген қажеттіліктерін анықтау; 2.1.1.5 бақылау негізінде отбасылық қажеттіліктеріне тұтыну заттарын өндіру көзін анықтау	айту, өзінің шежіресін білу; 3.1.1.3 пәндік лексиканы пайдаланып, мысал негізінде өз отбасының құндылықтарын анықтау; 3.1.1.4 алгоритмге сүйеніп өзіндік және жалпы отбасылық шығындарды ажырату; 3.1.1.5 өзіндік шығындарды оңтайландыру жолдарын мұғалімнің көмегімен айту	ып, жоспар бойынша 1-2 отбасы мүшелерінің рөлін талдау; 4.1.1.3 отбасы бюджетінің «кіріс және шығыс» түсініктерін қолдану; 4.1.1.4 өз тәжірибесіне негізделе отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын атау; 4.1.1.5 мұғалімнің көмегімен отбасы шығыстарын оңтайландыру жолдарын сипаттау
1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	0.1.2.1 мектептегі және сыныптағы	1.1.2.1 мектептің функциялық	2.1.2.1 көрнекілікке сүйеніп	3.1.2.1 сыныпта өзін-өзі басқаруды	4.1.2.1 мектептің және сыныпты

	<p>ы негізгі функцион алдық аймақтарды атау, оларды белсенді сөздік қорында пайдалану ;</p> <p>0.1.2.2 адам өміріндегі мектептің маңызын түсіну;</p> <p>0.1.2.3 мектептегі негізгі тәртіп ережелерінің білу және оларды нақты таныс заттар мен іс әрекетті қолданып атау</p>	<p>аймақтарының орналасқан жерін анықтау және оларды сөздерді семантикалық топтар бойынша бөле отырып атау;</p> <p>1.1.2.2 адам өміріндегі мектептің маңызы туралы мысал айту;</p> <p>1.1.2.3 мұғалімнің көмегімен өзін білім алушы және сынып ұжымының мүшесі ретінде көрсету</p>	<p>мектеп қауымдас тығының құрылым ын және мүшелерінің қызметін ажырату;</p> <p>2.1.2.2 көрнекілікке сүйеніп мектептегі оқу және оқудан тыс негізгі іс әрекеттерді айту;</p> <p>2.1.2.3 нақты мысал негізінде мектеп қауымдас тығындағы ұжымдық, топтық және тұлғаарал ық мінез-құлық нормалар ын ажырату</p>	<p>ң негіздерін айқындау;</p> <p>3.1.2.2 педагогтың бағыттаушы көмегімен қоғамдық мінез-құлық нормалар ын талдау;</p> <p>3.1.2.3 нақты мысал негізінде сыныптағы ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын анықтау</p>	<p>ң өзін-өзі басқару ұйымдарының мәтіндік материалдарға сүйене отырып атау және оларды оқу диалогында көрсету;</p> <p>4.1.2.2 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерінің анықтау;</p> <p>4.1.2.3 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру</p>
1.3 Менің атамекенім	0.1.3.1 туған қаласын	1.1.3.1 көрнекілікке сүйеніп	2.1.3.1 мұғалімнің	3.1.3.1 мұғалімнің	4.1.3.1 мұғалімнің

	(ауыл) атау ; 0.1.3.2 жіктеу және сілтеу есімдіктерін пайдаланып 1-2 туған қаланың (ауыл) негізгі көшелерін (алаңдары) атау	өз мекенжайын және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін айту; 1.1.3.2 көргеніне сүйене отырып, өз елді мекеніндегі басты көшені, көрнекі ғимараттарды (әкімшілік, сауда) білу және атау	бағыттаушы көмегімен өзі тұратын елді мекендегі көрнекі жерлерін атау және бейнелеу; 2.1.3.2 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен Қазақстан картасына ірі көлдер мен өзендер, қалалар, өзінің облысын көрсету	ұйымдастырушылық көмегімен елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (типі, көлемі, қызметі); 3.1.3.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен қала мен ауыл байланысына мысалдар келтіру	бағыттаушы көмегімен түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату; 4.1.3.2 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	0.1.4.1 суретті жоспарға сүйеніп, оның кезектілігін сақтай отырып негізгі режимдік сәттерді атау; 0.1.4.2	1.1.4.1 негізгі режимдік сәттер сипаттау; 1.1.4.2 көрнекілікке сүйене отырып тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін	2.1.4.4 педагогтың сұрағына сүйене отырып қалалық көлік түрлерін ажырату; 2.1.4.5 күнделікті жағдаятта	3.1.4.4 қалааралық көліктердің негізгі түрлерін атау; 3.1.4.5 түрлі дереккөздер негізінде табиғи	4.1.4.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен табиғи ортада өзінің қауіпсіздігін жоспарлау;

	<p>дастархан басында өзін ұстау ережесін және негізгі тамақтануды атау; 0.1.4.3 бағдаршам сигналы мен өзінің іс-әрекетін сәйкестендіру; 0.1.4.4 көрнекілікке сүйеніп, көшелер мен қиылыстардан өту ережесін білу; 0.1.4.5 үйде және сыныптағы қауіпсіздік ережесі туралы түсініктің болуы; 0.1.4.6 шұғыл көмек қызметін атау</p>	<p>ін айтып беру; 1.1.4.3 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін негізгі ережелерін атау; 1.1.4.4 педагогтың бағыттаушы көмегімен үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру; 1.1.4.5 көрнекілікке сүйеніп сыныптағы және үйдегі қауіпсіздік ережелері негіздерін айту; 1.1.4.6 шұғыл көмек</p>	<p>рда қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін білу; 2.1.4.6 спорттың 2-3 түрін атау және спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті қабілеттерді анықтау</p>	<p>ортадағы қауіп-қатерлерді бағалау; 3.1.4.6 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін салыстыру</p>	<p>4.1.4.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен спорттың әртүрлеріндегі жарақаттану себептерін атау; 4.1.4.3 «Қазіргі және болашақтың көлігі» тақырыбында әңгімелеу; 4.1.4.4 табиғи ортада қауіп-қатер дәрежесін төмендетудің 1-2 тәсілдерін тізіп айту; 4.1.4.5 спорттың әртүрлеріндегі жарақаттану қаупін алудың 1-2</p>
--	--	--	---	--	---

		қызметтер іне хабарласу жағдайлар ын анықтау			әдістерін айту
1.5 Құқық және міндет	0.1.5.1 білім алушының міндеттері мен ережесі туралы түсініктің болуы; 0.1.5.2 мектептегі тәртіп ережелері н сақтау	1.1.5.1 «Адам құқығы» ұғымы туралы түсініктің болуы; 1.1.5.2 мектеп жарғысы не екенін түсіну және терминдер ді айту	2.1.5.1 құқық, міндеттер мен жауапкер шілікті түсіну деңгейінд е ажырату; 2.1.5.2 педагогты ң көмегімен қоғамға қызмет етудің маңызын көрсету	3.1.5.1 Қазақстан Республи касы Конститу циясының маңызды белгілерін айқындау; 3.1.5.2 педагогты ң көмегімен негізгі Конститу циялық құқық және міндеттер ді айту	4.1.5.1 қоғамдық өмірдегі конституц ияның маңызын түсіну; 4.1.5.2 мұғалімні ң бағыттау шы көмегімен Қазақстан Республи касының азаматы ретінде демократ иялық құқықтар ы мен бостанды қтарынан, міндеттер інен мысалдар келтіру
1.6 Мерекелер	0.1.6.1 педагогты ң сұрағына сүйеніп негізгі мемлекетт ік және отбасылы	1.1.6.1 негізгі (2- 4) мемлекетт ік мерекелер ді атау	2.1.6.1 педагогты ң бағыттау шы көмегімен мемлекетт ік мерекелер	3.1.6.1 педагогты ң бағыттау шы көмегімен 1-2 мемлекетт ік	4.1.6.1 мұғалімні ң ұйымдаст ырушылы қ көмегімен 1-2 кәсіби мерекелер

	қ мерекелер ді ажырату		дің маңызын көрсету	мерекені таңдау бойынша сипаттау	дің белгілерін айту
--	---------------------------------	--	---------------------------	---	---------------------------

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі:
2- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	0.2.1.1 кеңістікте бағдарлану ды білдіретін сөздерді пайдаланып , өзіне қатысты жақын кеңістікте бағдарлану; 0.2.1.2 септік жалғау жұрнақтард ы (астында, үстінде, ішінде) пайдаланып , мектеп жанындағы учаскеде бағдарлану; 0.2.1.3 жердің пішіні туралы түсініктің болуы	1.2.1.1 көкжиекті ң негізгі бағыттары туралы түсініктің болуы; 1.2.1.2 тұсбағдар дың маңызы білу, оны мұғалімні ң көмегімен сипаттай білу; 1.2.1.3 жердің моделі ретінде глобус туралы түсініктің болуы	2.2.1.1 кеңістікте бағдарлан уды білдіретін сөздерді пайдаланы п, көкжиекті ң негізгі бағыттары н атау және ажырату; 2.2.1.2 кеңістікте бағдарлан уды білдіретін сөздерді пайдаланы п, тұсбағдар мен көкжиекті ң негізгі бағыттары н анықтау; 2.2.1.3 карта, жоспар туралы	3.2.1.1 кеңістікте бағдарлан уды білдіретін сөздерді пайдаланы п, көкжиекті ң аралық бағыттары н атау; 3.2.1.2 мұғалімнің бағыттауш ы көмегімен астрономи ялық белгілері бойынша көкжиекті ң бағытын анықтау; 3.2.1.3 мұғалімні ң бағыттауш ы көмегімен масштаб пен	4.2.1.1 көргеніне және сөздікке сүйеніп жоспар бойынша нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау; 4.2.1.2 глобус пен картаның маңызын түсіну, оларда негізгі нысандард ы көрсету; 4.2.1.3 глобуста және картада параллельд ер, меридианда р, экваторлар ды көрсету,

			алғашқы түсініктің болуы және педагогтың ұйымдастырушылық көмегімен бағдарлану	шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құрастыру	атау
2.2 Ауа - райы және климат	0.2.2.1 «ауа- райы» сөзінің мағынасын түсіну, оны қолдану; 0.2.2.2 ауа-райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін бақылау	1.2.2.1 ауа-райының адамдардың өміріне және іс-әрекетіне тигізетін әсерін түсіну; 1.2.2.2 ұсынылғандырдың қатарынан ауа-райының негізгі қолайлы және қолайсыз жағдайын айқындау	2.2.2.1 көрнекілікке сүйеніп ауа-райының адамның іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау; 2.2.2.2 ауа-райының негізгі қолайлы және қолайсыз жағдайын айту,	3.2.2.2 бағыттаушы көмекпен ауа райы-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін талдау; 3.2.2.3 негізгі климаттық белдеулерді атау және қоңыржай белдеудің ерекшелігі туралы түсініктің болуы	4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсері туралы түсініктің болуы және оқу диалогінде айту; 4.2.2.2 климаттық белдеулердің орналасуы, оның ерекшелігі және адамның шаруашылық іс-әрекетіне әсерін айту
2.3 Табиғат жағдайлары және олардың әсері(адамда)	0.2.3.1 суретті жоспарға сүйеніп, маусымдарға	1.2.3.1 сюжетті суретке сүйеніп, жыл	2.2.3.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйеніп	3.2.3.1 мұғалімнің бағыттаушы	4.2.3.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен

<p>рдың өміріне және іс әрекетіне)</p>	<p>а байланысты демалыс қызметінің түрлерін атау 0.2.3.2 бақылау арқылы адамдардың көңіл-күйін және ауа райы жағдайын анықтау; 0.2.3.3 қаладағы және ауылдағы маусымдық еңбек түрлерін атау</p>	<p>мезгілдері не сәйкес сабақты табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау 1.2.3.2 көрнекі материалға сүйеніп қолайлы және қолайсыз табиғи құбылыстарды ажырату; 1.2.3.3 ауыл тұрғындарының еңбегінің маңызын түсіну</p>	<p>табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу; 2.2.3.2 өз тұрғылықты жерінің табиғат жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын айту (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары); 2.2.3.3 адамның шаруашылық іс-әрекетіне тұратын мекеніндегі рельефтің әсерін түсіну</p>	<p>көмегімен табиғи жағдайларға байланысты адамдарды қоныстандыруды түсіндіру (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары); 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін айту; 3.2.3.3 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық</p>	<p>өз аймақтарын дағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетті талдау; 4.2.3.2 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен өз өңірінде табиғи апаттар туындауықтималдылығын айту; 4.2.3.3 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын</p>
--	---	---	---	---	--

				Ық маңызын айту	талдау
2.4 Туризм	0.2.4.1 «Туризм» сөзінің мағынасын түсіну; 0.2.4.2 көрнекілікк е сүйеніп туристік жабдықтар ды атау	1.2.4.1 синоним сөздерді іріктеу жолымен туризмнің маңызын анықтау; 1.2.4.2 педагогты ң бағыттауш ы көмегімен туристтер дің негізгі мақсаттар ын айту	2.2.4.1 көрнекілік ке сүйене отырып, мақсаты бойынша туризмнің негізгі түрлерін ажырату; 2.2.4.2 бағыттауш ы көмекпен аталған мекендегі 1-2 туристік нысандард ың ерекшелік терін айту	3.2.4.1 көрнекілік ке сүйеніп Қазақстан ның барынша тартымды туристік нысандар ының рейтингін құрастыру ; 3.2.4.2 жоспар бойынша 1-2 туристік нысандарғ а сипаттама жасау (25- 30 сөзге дейін)	4.2.4.1 педагогтын бағыттауш ы көмегімен ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдалана отырып, Қазақстан мен Қазақстанн ың астанасы бойынша туристік маршрут құру; 4.2.4.2 сабақта қолданылға н сөйлеу құралдарын пайдалана отырып, туған жер бойынша туристік маршрутты сипаттау

3) «Тарих толқынында» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	0.3.1.1 адамзаттың даму тарихы туралы алғашқы түсініктің болуы; 0.3.1.2 көрнекілікке сүйеніп ежелгі адамдардың өмір салтын сипаттайтын 2-3 сөз айту	1.3.1.1 көрнекілікке сүйене отырып ежелгі адамдардың өмірі туралы айту; 1.3.1.2 көру бойынша ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштерін/жәдігерлерін айқындау	2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты түсіну; 2.3.1.2 педагогтың бағыттаушы көмегімен көргеніне сүйене отырып, көне қалалар мен ескерткіштерді 2-3 сөйлеммен сипаттау	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін ажырату және 1-2 атау; 3.3.1.2 мәдени және тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын түсіну	4.3.1.1 көрнекілікке сүйеніп 2-4 тарихи кезеңдердегі технологиялық прогрестің ерекшеліктерін айту; 4.3.1.2 пікірлесе отырып, жоспар бойынша тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіру
3.2 Қазақстанның тарихи тамыры	0.3.2.1 көрнекілік материал негізінде тарихи ескерткіштерді атау; 0.3.2.2	1.3.2.1 «сақтар» сөзін түсіну; 1.3.2.2 сюжетті суретке сүйеніп	2.3.2.1 «ғұндар» сөзін түсіну; 2.3.2.2 бағыттаушы көмекпен,	3.3.2.1 «түркілер» сөзін түсіну; 3.3.2.2 мұғалімнің бағыттаушы	4.3.2.1 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен қазақ халқының пайда

	педагогтың сұрақтары мен көрнекілікке сүйеніп тарихи ескерткіштердің белгілерін байқау	сақтардың өмір салтын көрнекі материалдар негізінде 2-3 сөйлеммен сипаттау	мәтінді суреттеу элементтерімен толықтырып, ғұндардың өмір салтын 3-4 сөйлеммен сипаттау	ы көмегімен түркілердің өмір салтын 4-5 сөйлеммен сипаттау	болуын түсіндіру; 4.3.2.2 педагогтың сұрақтары мен көрнекілікке сүйеніп сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты көрсету
3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	0.3.3.1 мемлекеттік мерекелердің маңызды тарихи оқиғалармен байланысын байқау; 0.3.3.2 көрнекілікке сүйеніп, 3-5 сөзден тұратын сөйлемді пайдаланып таныс мерекелердің белгілерін айту	1.3.3.1 көрнекілікке сүйеніп Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы айту; 1.3.3.2 түрлі материалдарды, тәсілдермен құралдарды қолданып көне жазуды бейнелеу	2.3.3.1 «Ботай мәдениеті» мағынасын түсіну; 2.3.3.3 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен және көрнекілікке сүйеніп, Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін тізіп айту	3.3.3.1 «хандық» сөзін түсіну; 3.3.3.2 ұсынылғандырдың қатарынан қазақ хандығының құрылу себептерін айқындау	4.3.3.1 қарапайым түсініктер деңгейінде заманауи мемлекеттің белгілерін ажырату; 4.3.3.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) талдау
3.4 Атақты тарихи	0.3.4.1 1-2	1.3.4.1 тарихи	2.3.4.1 Қазақстан	3.3.4.1 жоспар	4.3.4.1 заманауи

<p>тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері</p>	<p>ақындар, жазушылар, тарихи қайраткерлердің есімдерін атау(Абай Құнанбаев, Абылай Хан, Мұхтар Әуезов); 0.3.4.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен тарихи қайраткерлердің портреттерін тану</p>	<p>тұлға ретінде Томирис туралы түсініктің болуы; 1.3.4.2 үлгі бойынша Томирис туралы айтып беру</p>	<p>ның бірнеше ғылым қайраткерлерінің есімдерін атау; 2.3.4.2 жоспар бойынша Әл-Фарабидің ғылым дамуына қосқан үлесін айтып беру</p>	<p>бойынша билер, батырлар, хандардың рөлін айтып беру 3.3.4.2 еліміздің даму тарихында қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескендердің рөлін түсіну</p>	<p>ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ, экономика саласындағы 2-3 қайраткерлердің есімдерін атау; 4.3.4.2 мұғалімнің бағыттаушылығымен биографиялық мәліметтерге негізделі отырып, экономика, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ саласының қайраткерлерінің еліміздің дамуына қосқан үлестері туралы әңгімелеу</p>
